# 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** 7М031-Психология» білім беру бағдарламасы психолог магистрлерінің кәсіби іс-әрекетін дайындауға бағытталған. Ол білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және құқықтық аумақ салаларында, сондай-ақ жеке тұлғалар мен ұйымдарға психологиялық қызмет көрсететін қоғамдық және шаруашылық ұйымдарда, әкімшілік органдарда, ғылыми-зерттеу және консалтингтік ұйымдарда кешенді міндеттерді шешуді қамтиды. «7М031-Психология» білім беру бағдарламасы жобалау, болжау, ұйымдарды дамыту, қызметкерлерді іріктеу, ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалын оңтайландыру, консультациялық қызмет көрсету және психологиялық-педагогикалық көмек көрсету саласында гуманитарлық технологияларды меңгерген белсенді, шығармашылықпен ойлайтын психологты дайындауға бағытталған.

1.1.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

| | |
|---|---|
| **Білім беру бағдарламасының түрі** | Ағымдағы |
| **Білім беру бағдарламасының атауы** | 7М03102-Психология |
| **Білім беру саласы** | 7М03-Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат |
| **Даярлау бағыты:** | 7М031- Әлеуметтік ғылымдар |
| **БББ тобы** | М066 Психология |
| **Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы** | Білім беру бағдарламасы РГУ «Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 7М03102-Психология кадрларын даярлау бағыты бойынша берген 4 тамыз 2020 ж. №KZ75LAA 00018542 лицензияға қосымшаның негізінде жүзеге асырылады. |
| **Берілетін дәреже** | «7М03102-Психология» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі |
| **Білім беру бағдарламасын аккредиттеу** | ACQUIN, 27.09.2021-30.09.2027 ж. |
| **Жалпы академиялық кредит саны:** | 120 |
| **Оқу мерзімі** | 2 жыл |

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТРИБУТТАРЫ

**Бағдары:**

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

**Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

## 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*БББ өзектілігі.* «7М031-Психология» білім беру бағдарламасы психолог магистрлерінің кәсіби іс-әрекетін дайындауға бағытталған. Ол білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және құқықтық аумақ салаларында, сондай-ақ жеке тұлғалар мен ұйымдарға психологиялық қызмет көрсететін қоғамдық және шаруашылық ұйымдарда, әкімшілік органдарда, ғылыми-зерттеу және консалтингтік ұйымдарда кешенді міндеттерді шешуді қамтиды. «7М031-Психология» білім беру бағдарламасы жобалау, болжау, ұйымдарды дамыту, қызметкерлерді іріктеу, ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалын оңтайландыру, консультациялық қызмет көрсету және психологиялық-педагогикалық көмек көрсету саласында гуманитарлық технологияларды меңгерген белсенді, шығармашылықпен ойлайтын психологты дайындауға бағытталған. Магистрантты даярлудың бұл бағдарламасы "Психолог" мамандануына ие және жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұраныстары аумақтарындағы авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктер мен оқу-әдістемелік әзірлемелерді, аталмыш бағытта даярлаудың қазіргі заманғы отандық және әлемдік тәжірибені ескере отырып құрастырылған.

Магистранттың ғылыми және кәсіби іскерліктері мен дағдыларын меңгеру және пысықтау, жаңа қажетті кәсіби және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру және маманның өз бейнесін қалыптастыру мүмкіндігі бар.

Оқыту үдерісі дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар мен психологиялық тренингтер циклі түрінде ұйымдастырылған.

## 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

| | |
|---|---|
| Академиялық ұтқырлық | Вестминстер университеті (Ұлыбритания, Лондон) |
| Қосдипломды бағдарлама | - |
| Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) | - |

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

1. Прагадағы Нью-Йорк университеті University of New York in Prague (мамандық-Психология)-70%;
2. Варшава университеті Uniwersytet Warszawski (мамандығы-Психология)-60%.

## 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

7М03102-Психология білім беру бағдарламасы бойынша түлектер төменде аталған мекемелерде психолог болып қызмет ете алады:

- меншік нысандары мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, барлық үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары;

- ғылыми-зерттеу орталықтары;

- құқық қорғау органдары мен пенитенциарлық мекемелер;

- педагогикалық қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтары;

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;

- спорт және шығармашылық ұйымдар;

- денсаулық сақтау ұйымдары;

- қалалық және республикалық әлеуметтік қызметтер, жұмыспен қамту орталықтары;

- өндірістік кәсіпорындар мен бизнес ұйымдар;

- құқық қорғау органдары мен пенитенциарлық мекемелер.

«7M03102–Психология» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі өзінің кәсіби іс-әрекетін келесі түрлерін жүзеге асыра алады:

- диагностикалық, кеңес беру, түзету, терапиялық;
- профилактикалық, реабилитациялық, сарапшылық;
- ғылыми-зерттеу;
- мәдени-ағарту;
- оқу-тәрбиелік

## 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

**1 кәсіби құзыреттілік саласы**

- білім беру (оқыту және тәрбиелеу үдерістерін ғылыми-әдістемелік, психологиялық зерттеу және сүйемелдеу);

**2 кәсіби құзыреттілік саласы**

- құқықтық профилактика және пенитенциарлық қызмет;

**3 кәсіби құзыреттілік саласы**

-денсаулық сақтау және спорт (спорт ұйымдарының қызметін психологиялық қолдау, психопрофилактика және психокоррекция).

## 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1 -** Студенттер өздерін жаһандық азаматтар және цифрлық қоғамның жауапты мүшелері ретінде таниды, цифрлық ақпарат пен технологияларды қауіпсіз пайдалануға, этикалық және құқықтық стандарттарды сақтауға ықпал етеді.

**ОН 2 -** Студенттер өзін-өзі реттеу қағидаларын пайдаланады, өмірдің барлық жағдайына төзімді, белсенді өмір салтын ұстанады, жаңа білімге деген ашықтығын көрсетеді, ақпаратты алу және талдау үшін зерттеулік қызығушылық танытады.

**ОН 3 -** Студенттер әртүрлі қауымдастықтарда 3 тілде де жеңіл байланыс орната алады, идеяларды тиімді жеткізу дағдыларын меңгерген, топты басқара да және оның бір бөлігі де бола алады, инклюзивті орта құра алады, жаңа білімге бейімді және ашық.

**ОН 4 -** Зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және қолдану барысында сол саладағы алдыңғы қатарлы білімдерге негізделген зерттелінген аумақта дамыған білім мен түсінікті байқату;

**ОН 5 -** Жаңа ортада, неғұрлым кең пәнаралық контексте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілетін кәсіби деңгейде қолдану;

**ОН 6 -** Әлеуметтік, әдептік және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, ой-пікірлерді қалыптастыру үшін ақпарат жинау мен түсіндіру;

**ОН 7 -** Психология, философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану салаларындағы негізді білімдерін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әр түрлі аумақтарындағы жағдайларға баға беру;

**ОН 8 -** Өзін-өзі дамыту және тұлғалық мансаптың өсуі үшін өмір бойы жеке-дара білім беру траекториясын құру, толыққанды психологиялық, әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарлану.
**ОН 9** Жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнім түрінде ұсыну, әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық өзгерістерге өзіндік баға беру;
**ОН 10** әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология туралы негізгі білімді ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалау;
**ОН 11** белгілі бір ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдіснамасы мен әдістерін қолдану, зерттеу нәтижелерін қорытындылау;
**ОН 12** жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсету, әлемдік танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолдану.

**БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

| | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 | ОН 12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ТА1** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + |
| **ТА 2** | + | + | | + | + | + | + | + | + | | | |
| **ТА 3** | | | + | + | + | + | + | + | | + | | |
| **ТА 4** | | | + | + | + | + | + | + | + | | | + |
| **ТА 5** | | | | + | + | + | + | + | | | | + |
| **ТА 6** | + | + | | | + | + | + | + | | + | | |

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіби стандарты;
2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық үшжақты комиссия отырысының 2016 жылғы "23" қарашадағы №2 хаттамасымен бекітілген Білім беру саласындағы СБШ.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

| **№** | **Модуль сипаттамасы** | **Кредиттердің жалпы саны** | **№** | **Пән атауы және коды** | **Академиялық кредит** | **цикл/компонент** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ISE Ғылым мен білім** | 16 | 1 | **ISE 501** Ғылым тарихы мен философиясы | 4 | БП ЖК |
| | | | 2 | **ISE 502** Шет тілі (кәсіби) | 4 | БП ЖК |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **интеграциясы** | | 3 | **ISE 503** Жоғары мектептің педагогикасы | 4 | БП ЖК |
| | | | 4 | **ISE 504** Басқару психологиясы | 4 | БП ЖК |
| 2 | **SMBP Психологияны зерттеудің әдіснамалық негіздері** | 15 | 1 | **SMBP 501/1** Қазіргі психология тарихы | 5 | БП ТК |
| | | | | **SMBP 501/2** *Психологиядағы кроссмәдени тарихи зерттеулер* | | БП ТК |
| | | | 2 | **SMBP 502/1** Қазіргі әлеуметтік психология | 5 | КП ТК |
| | | | | **SMBP 502/2** *Бұқара халық психологиясы* | | КП ТК |
| | | | 3 | **SMBP 503/1** Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер мен теориялар | 5 | БП ТК |
| | | | | **SMBP 503/2** *Психологиядағы мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғылар* | | БП ТК |
| 3 | **RMP Психологиядағы зерттеу әдістері** | 15 | 1 | **RMP 501** Психологияның теориялық-әдіснамалық негіздері | 5 | КП ЖК |
| | | | 2 | **RMP 502/1** Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру | 5 | КП ТК |
| | | | | **RMP 502/2** *Психологиялық шкалалау және мәліметтерді интерпретациялау* | | КП ТК |
| | | | 3 | **RMP 503/1** Психологиядағы сапалық және сандық әдістер | 5 | КП ТК |
| | | | | **RMP 503/2** *Заманауи психодиагностика* | | КП ТК |
| 4 | **ITPP Психологтың практикалық қызметіндегі инновациялық технологиялар** | 10 | 1 | **ITPP 501/1** Жоғары мектепте психологияны оқыту әдістемесі | 5 | КП ТК |
| | | | | **ITPP 501/2** *Оқытудың заманауи әдістері* | | КП ТК |
| | | | 3 | **ITPP 602/1** Практикалық психологтың кәсіби қызметінің технологиялары | 5 | КП ТК |
| | | | | **ITPP 602/2** *Әлеуметтік қызмет саласындағы практикалық психология* | | КП ТК |
| 5 | **PASP Психологтың кәсіби қызметі және өзін-өзі дамытуы** | 18 | 1 | **PASP 601/1** Психологиялық кеңес беру және терапия теориясы мен практикасы | 6 | КП ТК |
| | | | | **PASP 601/2** *Топтық кеңес беру және терапия* | | КП ТК |
| | | | 2 | **PASP 602/1** Заң психологиясының қазіргі мәселелері | 6 | КП ТК |
| | | | | **PASP 602/2** *Пеницитарлы психология* | | КП ТК |
| | | | 3 | **PASP 603/1** Жас ерекшелік дағдарыстар психологиясы | 6 | КП ТК |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **PASP 603/2** *Жас ерекшелік психологиясы бойынша практикумы* | | КП<br>ТК |
| 6 | **RW Зерттеу және педагогикалық практика** | 38 | 1 | **RW 601** Педагогикалық практика | 4 | БП ЖК |
| | | | 2 | **RW 5 (6)02** Зерттеу практикасы | 10 | ЖК |
| | | | 3 | **RW5(6)03** Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) | 24 | МҒЗЖ |
| | **FE Қорытынды аттестация** | 8 | 1 | **FE 601** Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРҚ) | 8 | ҚА |
| | **Барлығы** | **120** | | | 120 | |

## 2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

**Ғылым мен білім интеграциясы**

*Модуль сипаттамасы:* Заманауи білім берудің болашағы қоғамның, ғылым мен техниканың даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі ілгерілеп отыратын ғылыми ақпарат көлемінің сан алуандығымен анықталады. Интеграция бұл – ғылыми педагогикалық, психологиялық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіруден тұрады. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты жетілдіру, жаңаша ойлайтын, білім мен ғылымның соңғы жетістіктері мен технологиясын практикалық тәжірибе деңгейінде меңгерген, оны күнделікті оқыту үдерісінде ұтымды қолдануға машықтанған болашақ кадрларды даярлау.

Білім берудің интегративті мазмұнын, білім беру үдерісін, өзіндік іс-әрекеттің жүйесі мен дәйектілігін жобалау мен құруда білім алушылардың құзіреттілігін қалыптастыру және әлеуметтік-кәсіптік өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау интеграцияның шарттары және тетіктері мен оның технологияларын жасау арқылы тұлғаның перспективалы даму мүмкіндіктерін кеңейту

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ғылым тарихы мен философиясы | БП ЖК | 4 | магистратураның барлық білім беру бағдарламалары үшін жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ғылым философиясының жалпы мәселелеріне кіріспе болып табылады. Ғылым кең әлеуметтік-мәдени контексте және тарихи дамуда қарастырылады. Қазіргі заманғы техногендік өркениет дағдарысының проблемаларына және әлемнің ғылыми бейнесін, ғылыми ұтымдылық түрлерін, ғалымдар бағдарланған құндылықтар жүйесін өзгертудің жаһандық тенденцияларына ерекше назар аударылады. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 2<br>ОН 7 | Жазбаша |
| 2 | Шет тілі (кәсіби) | БП ЖК | 4 | **Шетел тілі (кәсіби) -** мақсаты-сөйлеу дағдыларын дамыту: пікірталас жүргізу, | -рөлдік ойындар | ОН 2<br>ОН 3 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әртүрлі тақырыптар бойынша және әртүрлі жағдайларда өз пікірін білдіру. Грамматиканы үйрену оны ауызша сөйлеуде қолдануға бағытталған. Бағдарлама басқа тілдік дағдыларды игеруді және жетілдіруді қамтиды: тыңдау, оқу, жазу, сонымен қатар сөйлеу.<br>Бұл курста оқу студенттерге ағылшын тілінің грамматикасы мен сөздік қоры туралы білім алуға, тілді меңгеру деңгейін арттыруға, сөйлеу, оқу және аударма дағдыларын жақсартуға, ағылшын тілін құлақпен қабылдауға, тілдік кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Қарапайым: қарапайым сөйлемдерді түсіну, жеке сөз тіркестерін құру, жазбаша және ауызша сөйлеуді түсіну қиын. Pre-intermediate деңгейі: бейімделген мәтіндерді оқу, шағын сөздік. Аралық деңгей: кез-келген тақырыпта әңгімелер жүргізу, бірақ дұрыс сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлеу мәнерін табу, пікір білдіру және сұхбаттасушыны жақсы түсіну, тез сөйлеу. Upper-intermediate деңгейі: сөйлеу жылдамдығына немесе сұхбаттасушының аймақтық екпініне қарамастан, қарапайым ағылшын тілін түсіну. Жетілдірілген деңгей: белгілі бір тілге тән фразеологиялық бірліктер мен идиомаларды білу, кез-келген қиындық деңгейіндегі мәтіндерді оқу және түсіну. Ағылшын тілінің жалпы курсы | -танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 5 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | студенттерге осы тілді еркін меңгеруге мүмкіндік береді. | | | |
| 3 | Жоғары мектептің педагогикасы | БП ЖК | 4 | Қазіргі әлемдегі жоғары білім. Жоғары мектеп педагогының кәсіби-педагогикалық мәдениеті. Педагогикалық қарым-қатынас. Жоғары мектептің педагогикалық процесс теориясы. Жоғары мектеп дидактикасы. Жоғары кәсіптік білімнің мазмұны. Оқу процесін басқару. Жоғары мектепті оқытудың әдістері мен формалары. Жоғары мектептің тәрбие теориясы. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің теориясы. Педагогикалық технологиялар. ЖОО-ны басқару. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3<br>ОН 9<br>ОН 11 | |
| 4 | Басқару психологиясы | БП ЖК | 4 | Басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық мәселелері. Басқарушылық ісәрекетті талдау. Менеджердің тұлғалық ерекшеліктері. Басқару міндеттерінің психологиялық ерекшеліктері. Меншік психологиясы. Басқарушының кәсіби іс-әрекеті. Басқару субъектісінің қызметтері. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамалары. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиясы. Ұйымның кадрлық саясатын психологиялық қолдау. Ұйымдағы дау-дамайлар психологиясы. Тұлғаның кәсіби | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 1<br>ОН 2 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | деформациясының алдын алу технологиялары | | | |

**Психологияны зерттеудің әдіснамалық негіздері**

*Модуль сипаттамасы:* Адамзат тарихындағы психология ғылымының дамуы мен құрылуының теориялық-әдіснамалық негіздері туралы жүйелік ойды қалыптастыру.Тарихи және салыстырмалы аспектідегі психологиялық зерттеулердің әдіснамасы туралы білімді беру, психология ғылымын құрудағынегізгі әдіснамалық, түрлі теориялар мен ғылыми мектептердің даму тарихы мен заңдылықтарын жаңғырту, халықаралық және қазақстандық психологияның теориялық ағымдары мен ғылыми концепцияларды жіктеу.
Психологияның теориялық аспектілеріне қатысты ғылыми фактілерді сыни тұрғыдан салыстыруға және бағалау, әртүрлілігі ғылыми фактілер, құбылыстар және процестердің көптүрлілігіне бағдарлану, ғылыми және практикалық іс-әрекет саласында жүйелік білімдерді қолдана алуға дағдыландыр. Психология дамуының қазіргі заманғы стратегиясы және білім беруді әлеуметтік-мәдени жаңғырту жайлы түсінік беру. Психологияның және тұлғалық-бағдарлы білім берудің әдіснамалық негізі ретінде мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғыларға сипаттама беру.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазіргі психология тарихы | БП ТК | 5 | "Қазіргі психология тарихыі" курсы қазіргі заманғы әлемдік психологиялық ғылымның тарихы мен даму кезеңдері, жетістіктері туралы жүйелі идеяны ашуға бағытталған. Әлемдік психологиялық ғылым дамуының негізгі кезеңдері мен дәуірі, өткен және қазіргі заман ғалымдары ұсынған әр түрлі теориялардың интрпретациясын талдау мен зерттеудің шығармашылық тұрғысы қарастырылады. Әлемдік және отандық психологияның тарихи динамикасындағы негізгі бағыттары мен мектептері және қазіргі психология дамуының негізгі бағыттарын талдауға машықтандырады.<br>Ең бастысы, мәселе тек теориялар мен фактілерді игеру ғана емес, сонымен қатар | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 6<br>ОН 7<br>ОН 10<br>ОН 11 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қоғамда бар мәселелерді өзіне тән дәстүрлер мен құндылықтармен шешу үшін оң тәжірибені біріктіруге, ізгіліктер мен қате түсініктерді бөлуге мүмкіндік беретін технологияларды игереді. | | | |
| 2 | *Психологиядағы кросс мәдени тарихи зерттеулер* | БП<br>ТК | 5 | Психологиядағы кросс-мәдени зерттеулердің жалпы сипаттамасы мен айнымалылары, кросс-мәдени талдаудың жалпы бетбұрыстары, зерттеу әдістерінің тарихы қарастырылады. Эллиот Аронсон (E. Aronson) қалыптастырған кросс-мәдениеттің екі маңызды мақсаты туралы түсінік беріледі. Бірінші мақсат психикалық құбылыстың және процестің қаншалықты жалпы ортақ екенін және сол себепті ғаламшарымыздағы бүкіл адамзат психикасының функциялануының тәртібі мен түсіндірілуі. Бұл зерттеудің түрі барлық адамдарға олардың мәдениетіне, алған тәлім-тәрбиесіне, қоғамдағы әлеуметік жағдайына, географиялық орналасу жағдайына қарамастан ортақ нәрселерді іздеуге бағытталғандығы. Зерттеудің екінші мақсаты әртүрлі мәдениетке жататын адамдар арасындағы өзгешелікті іздеуден және мәдениетке негізгі психикалық құбылыс пен процесі ретінде қалайша әсер етуін тексеруден тұрады | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 6,<br>ОН 7<br>ОН 10 | Жазбаша |
| 3 | Қазіргі әлеуметтік психология | КП<br>ТК | 5 | Қазіргі әлеуметтік психологияның құрылымы,әлеуметтік-психологиялық феномендердің иерархиясы және арақатынасы, әлеуметтік-психологиялық | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади | ОН 7<br>ОН 8<br>ОН 10 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | феномендердің қызмет ету тетіктері туралы түсінік талданады. Адамдардың өзара әрекеттесу психологиясы, тұлғааралық қабылдау және өзара түсіністік психологиясы, тұлғаның әлеуметтік психологиясы, этникалық қауымдастықтар психологиясы, дау-дамайлар психологиясы тұрғысында мағлұматтар беріледі.Сонымен қатар психологиялық әсер ету түсінігі және түрлерімен таныстырып, психологиялық әсер ету әдістерін қолдана алуға үйретеді. | -жобалау әдістері | | |
| 4 | *Бұқара халық психологиясы* | КП<br>ТК | 5 | "Бұқара топ" және "бұқара топ санасы", "бұқара топ көңіл-күйі" және "бұқара топтағы психологиялық құбылыстар" негізгі теориялары мен ұғымдары туралы түсінік беру. Бұқаралық іс-шараларды дайындау және өткізу, төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыруға дағдыландыру. Бұқаралық топ психологиясының негізгі әдістері және эксперименталды материалы туралы білім жинақтау оны іс жүзінде жүзеге асыру,а бағыттау. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 7<br>ОН 8<br>ОН 10 | Жазбаша |
| 5 | Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер мен теориялар | БП<br>ТК | 5 | «Қазіргі психологияның ғылыми мектептері және теориясы» пәні қазіргі психология құрылымындағы психологиялық мектептердің рөлі мен орны магистранттардың білуі кәсіби әрекетке дайындық процесінде ғылыми идеялар ашуға мүмкіндік береді.<br>Пәннің мазмұны психологиялық мектептердің негізгі құрылымы мен эволюциясы, | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 5<br>ОН 7<br>ОН 10<br>ОН 11 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | негізгі фактылары, психологиялық мектептердің құрылым деңгейі (бихевиоризм, психоанализ, гештальтпсихология); негізгі ғылыми идеялар мен бағыттарының дамуы; (гуманистік психология, необихевиоризм, нефрейдизм, индивидуальды психология, когнитивті психология және т.б..); психологиялық білімнің қазіргі жағдайын қарастырады. | | | |
| 6 | *Психологиядағы мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғылар* | БП<br>ТК | 5 | Психологиядағы іс-әрекеттік тұрғы және іс-әрекет мәселесі, мектептер, персоналиялар туралы түсінік қалыптастыру. Психология дамуының қазіргі заманғы стратегиясы және білім беруді әлеуметтік-мәдени жаңғырту мәселелері жайлы ғылыми түсініктерін жетілдіру. Психологияның және тұлғалық-бағдарлы білім берудің әдіснамалық негізі ретінде мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғы. Мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғылар аясындағы балалық шақ психологиясы. Білім берудің мәдени-іс-әрекеттік парадигмасы. Қазіргі білім берудің мазмұны мен технологияларындағы мәдени-тарихи және іс-әрекет тұрғыларын жүзеге асыру. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 5<br>ОН 7<br>ОН 10<br>ОН 11 | Жазбаша |

| **Психологиядағы зерттеу әдістері**<br>*Модуль сипаттамасы:*Психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау кезінде теориялық-әдіснамалық білімдерін қолдана алу. Психологиядағы зерттеу әдістерінің жалпы ғылыми сипаттамасы, жіктелуі, сапалық және сандық әдістер және пәнінің ерекшелігіне орай әр түрлі зерттеу әдістердің біртұтас жүйесін қолдануға бағыттау.. Ұйымдастыру әдістері: салыстырмалы әдіс (жас ерекшелік, іс-әрекеті бойынша әр түрлі топтарды салыстыру); лонгитюдтік әдіс (бір адамдарды ұзақ уақыт бойы бірнеше қайтара зерттеу), кешендік әдіс (зерттеуге әр түрлі ғылым әкілдері қатынасады, бір объектіні әр түрлі амалдар арқылы зерттейді). Эмпирикалық әдістер. Оған байқау, эксперименттік әдістер (табиғи, және лабораториялық); психодиагностикалық әдістер (тестер, анкеталар, сауалнамалар, социометрия, әңгімелесу, сұхбат); іс-әрекет нәтижелерін талдау; биографиялық әдістерге сипаттама. Мәліметтерді өңдеу әдістері: сандық (статистикалық) және сапалық (материалдарды топтарға бөлу, талдау)..Коррекциялық әдістер: аутотренинг, топтағы тренинг, психотерапевтикалық әсер ету әдістері және т.б. | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **Пән коды мен атауы** | **Цикл/ компонент** | **Кредит саны** | **Пән сипаттамасы** | **Оқыту әдістері** | **Мақсатты ОН** | **Бағалау әдістері** |
| 1 | Психологияның теориялық-әдіснамалық негіздері | КП ЖК | 5 | Ғылым әдіснамасы туралы жалпы түсінік. Психология әдіснамасы, теория, әдіс және әдістеме. Ғылымның классикалық және классикалықтан кейінгі парадигмасы. Психологиялық білімнің ерекшелігі. Ғылыми және ғылыми емес психологиялық білім. Объективтілік мәселесі. Психология категориялары: іс-әрекет, көрініс, тұлға. Сана және қарым-қатынас; психологияның негізгі қағидалары: белсенділік, даму, детерминизм, жүйелілік. Психологиялық ілімдердің құрылымы. Психофизикалық және психофизиологиялық мәселелер. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 6 | Жазбаша |
| 2 | Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру | КП ТК | 5 | Ғылыми зерттеулерді жоспарлау негіздері. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау қағидалары. Зерттеудің алдын ала бағдарламасы. Жоспарлы құжаттардың құрамы. Білім беру мекемесінде ғылыми-зерттеу және ғылыми-эксперименттік жұмыстарды | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 6<br>ОН 8 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоспарлау және ұйымдастыру. Кешенді психологиялық-педагогикалық зерттеу. Кешенді зерттеуді жүзеге асыру технологиясы. | | | |
| 3 | *Психологиялық шкалалау және мәліметтерді интерпретациялау* | КП ТК | 5 | Тұлғаның танымдық үрдістерді зерттеу. Сезім күйлерін, қабылдау қасиеттерін, зейін қасиеттерін зерттеу. Ес ерекшеліктерін, ойлау, елес пен қиялын зерттеу. Тұлғаның эмоционалдық және ерік қасиеттерін зерттеу. Тұлғаның психикалық қасиеттерін зерттеу. Темпераментті, мінезді, қабілеттерін зерттеу. Тұлғаның құрылымын зерттеу. Тұлғаны зерттеудің жобалық әдістерін қолданудың ерекшеліктері. Психодиагностикалық әдістердің классификациясы, тұлғаны зерттеуде қолдану тәсілдері, нәтижені өңдеу. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 6<br>ОН 8<br>ОН 11 | Жазбаша |
| | Психологиядағы сапалық және сандық әдістер | КП ТК | 5 | Пәннің мақсаты мен міндеттері. Сандық әдістердің жалпы сипаттамасы, қойылатын талаптар, тиімді және тиімсіз тұстарына талдау. Сандық талдаудың ерекшеліктері: ережелерді, алгоритмдерді сақтаудағы айқындылық; формулаларға, математикалық тәуелділіктерге негізделген есептеулерді қолдану; деректерді өңдеуде қолдану, белгілі бір процедуралардың нәтижелерін бекіту. Сапалық және сандық әдістердің салыстырмалы сипаттамасы.<br>Сапалық-сандық зерттеулердің әдіснамасы.Семантикалық дифференциал әдісі. Сандық және сапалық әдістерді этикалық қолдану мәселесі. Әдістемелік | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 5<br>ОН 7<br>ОН 11 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құралдарды таңдау кезіндегі негізгі қағидалар мен типтік қателерді анықтау. Аралас зерттеу әдістері: жалпы сипаттамасы. | | | |
| | *Заманауи психодиагностика* | КП ТК | 5 | Психодиагностиканың жалпы методологиялық қазіргі мәселелері.<br>Психодиагностиканы меңгеру салалары туралы түсінік беру:<br>1) тиісті психикалық құбылысты зерттейтін психологияның пәндік саласы (жад-жалпы психология, адамның мәртебелік жағдайы топ – әлеуметтік психология және т. б.);<br>2)психометрика-диагностикаланатын айнымалылардағы және әдістемелерді құрастыру технологияларындағы жеке айырмашылықтарды өлшеу туралы ғылым;<br>3) психологиялық білімді пайдалану практикасы (практикалық сала психодиагностиканы қолдану).<br>. Психодиагностиканың әдістемесі, объектісі, пәні және міндеттері, өзектілігі мен түсінігі. Психодиагностиканың даму тарихына шолу. Психодиагностиканы дамытудың негізгі мәселелері. Отандық психодиагностиканың қалыптасуы. Қазіргі заманғы психодиагностика мәселелері. Психодиагностикадағы психометрия. Психометрия тарихының түсінігі мен кезеңдері. Психологиялық өлшеудің түрлері мен шкаласы. Валидность психометриялық көрсеткіш | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 5<br>ОН 7<br>ОН 11 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ретінде. Сенімділік психометриялық көрсеткіш ретінде. Психодиагностиканың ұйымдастыру-әдістемелік сұрақтары. | | | |

**Психологтың практикалық қызметіндегі инновациялық технологиялар**

*Модуль сипаттамасы*: Инновациялық технологияладың теориялық аспектілері негізінде болашақ психологтарды кәсіби тұрғысынан дамыту сыни тұрғыдан ойлау технологиясын жетілдіру.Мақсаты студенттердің тұлғалық дүнетанымы мен көзқарасын қалыптастыру, пікірталастарға белсенді қатысу, өз пікірін объективті дәлелдермен дәлелдеу, оңтайлы шешім қабылдау, өз бетінше білім алу, ашық қарым-қатынас жасауды үйрену, логикалық ойлауын дамыту. Белсенді шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған дамытушылық оқыту технологиясы мен ойлау тәуелсіздігін, өз таңдауын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін тұлғаға бағытталған оқыту технологиясын қолдану.

Білім алушыларда жаңа бірегей идеяларды генерациялау ниетін, типтік және стандартты емес жағдайлардың балама шешімдерін іздеуге бағытталған саралап оқыту технологиясы, жаңа білімге деген қызығушылығын ынталандыру, жеке мәселелерді шешу және осы білімді белгілі бір практикалық іс-әрекетте қолдану арқылы өзін-өзі дамытуға бағытталған жобалық технология, болашақ мамандардың өздігінен білім алу құзыреттілігін қалыптастыратын модульдік-дамытушылық оқыту технологиясымен жұмыс жасау. Болашақ мамандардың коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін, ақыл-ой қызметін белсендіретін, білім алушылардың ақпаратты белсенді қабылдауға, игеруге және беруге ішкі ынтасын қалыптастыруға бағытталған білім беру, тәрбиелік және дамытушылық өзара әсердің интерактивті әдістерін қолдана отырып, топтық оқыту технологиясын пайдалану**.**

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жоғары мектепте психологияны оқыту әдістемесі | КП ТК | 6 | Психологиялық білім берудің даму тарихын және қазіргі жағдайын қарастыру аспектілері туралы ақпараттармен таныстыру. XVIII-XIX және XXғ.I-II - жартысында психологиялық білім берудің даму ерекшеліктеріне талдау жасау. Жоғары білім берудің қазіргі бетбрыстары және олардың кадрлар даярлау жүйесіне проекциясы. Жоғары кәсіптік білім берудің мазмұны мен білім беру бағдарламалары. Жоғары мектептің оқытушысы: іс-әрекет аумағы, мәдениеті, | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 4<br>ОН 6<br>ОН 8<br>ОН 9 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құзыреттілігі, шеберлігі, мансабының ықтимал траекториялары. Білім беру стандарттарына сипаттама. Жоғары мектеп жүйесіндегі оқытудың педагогикалық технологиялары оны тәжірибеде қолдана алуға машықтандыру. Оқытудың дәстүрлі және белсенді әдістері.н қолданудың ерекшеліктерімен таныстыру<br>. | | | |
| 2 | *Оқытудың заманауи әдістері* | КП ТК | 6 | Психологияны оқытудағы әдістерге сипаттама, жан жақты түсінік беру. Әдістер - бұл зерттеушілер психологияда ғылыми теорияларды құру және практикалық ұсыныстарды қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты алуға және білімді кеңейтуге болатын әдістер мен әдістердің жиынтығы. Әдістердің көптүрлілігі және оны тәжірибеде қолдана білуге бағыттау. Контент-талдау,өмірбаяндық, ретроспективті, бойлық әдістер, сауалнама, әңгіме, сараптамалық әдіс Кейс-стади. Рефлексия әдісі. Ротация әдісі. "Көшбасшы-жетекші" әдісі. "Ұшқыштар" әдісі. Мифологемалар. Тәжірибе алмасу. Миға шабуыл. Тақырыптық талқылау. Консалтинг. | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади<br>-жобалау әдістері | ОН 4<br>ОН 6<br>ОН 8<br>ОН 9 | Жазбаша |
| 3 | Практикалық психологтың кәсіби қызметінің технологиялары | КП ТК | 5 | Пәннің сипаттамасы, мақсаты мен міндеттері туралы түсінік беру. Практикалық психологтың кәсіби іс-әрекет, әлеуметтік-құқықтық және кәсіби- | -рөлдік ойындар<br>-танымдық пікірталастар<br>- кейс-стади | ОН 3<br>ОН 6 | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
